

¹Н.Б. Мансұров, ²Б.Н. Темірханов

¹ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан
(nurlan.mansurov@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0002-0833-7682

²магистр оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, дінтану кафедрасы, Түркістан, Қазақстан
(batyrzhan.temirkhanov@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0001-7419-0335

Абай Құнанбайұлының таза мұсылман – толық адам сипаты

Андатпа

Мақалада қазақтың ақыны Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші кара сөзі талданып, мағыналық түсінік берілген. Талдау барысында кара сөзде айтылған таза мұсылман – толық адам ұғымы сараланып, соның негізінде жаратушыны тану жолдары қарастырылған. Аз сөзбен көп мағынаны ұғындыру тәсілі негізге алынған бұл кара сөзде жаратушыны тану арқылы ақиқатты табу адамдық қасиеттің бір сипаты екені айтылған. Әрине, осындай ой-тұжырымдарды ұсынуда қолданылған кірме араб сөздері арқылы жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің де мағынасы айшықталған. Бұл ақынның шығыс тілін қаншалықты білгендігі әрі қолданыстағы сөз шеберлігін танытады. Сол себепті кара сөзде берілген діни терминдер үлгілерінің қазақ тілінде мағыналық сипаты ашып көрсетілген. Нәтижесінде ақынның «таза мұсылман – толық адам» танымы діни ғалымдардың дін исламдағы орнын көрсетуде әрі олардың кара сөздегі мәнін ашуда басшылыққа алынған. Мазмұндық сипаты негізінде шығыс тілдерінен енген кірме сөздердің қолданысы мен мағыналық сипаты, яғни түпнұсқадағы ұғымы барынша қазақша ұсынылған. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ілім мұрасын жетік меңгерген Абай Құнанбайұлы өз кара сөзінде діни ілімі қанық, шариғи амалдарды ұғындыруда да шебер екендігін таныта білген. Өйткені оның жазбаларында құнды әрі маңызды, қала берді бүгінде де қажет болған мәліметтер жетерлік.

Кілт сөздер: Абай Құнанбайұлы, кара сөз, ақынның заманы, таза мұсылман, толық адам, сөз мағынасы.

¹ N.B. Mansurov, ² B.N. Temirkhanov

¹candidate of philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Kazakhstan, Turkestan (nurlan.mansurov@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0002-0833-7682

²master teacher, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Department of Religious Studies, Turkestan, Kazakhstan
(batyrzhan.temirkhanov@ayu.edu.kz) ORCID: 0000-0001-7419-0335

Abai Kunanbayev is a full-fledged Muslim, a full-fledged person

Abstract

The article analyzes the thirty-eighth word of the edification of the Kazakh poet Abai Kunanbayev and gives a semantic interpretation. In the course of the analysis, the

concept of a full-fledged Muslim and a full-fledged person is differentiated, expressed in the word edification, and on the basis of this, the ways of cognizing the Creator are considered. This chapter, based on the method of interpreting multiple meanings in a few words, says that the search for truth through the knowledge of the Creator is a characteristic feature of human nature. It also explains the meaning of words and phrases used in the introduction of such ideas. This shows the poet's knowledge of the oriental language and demonstrates his vocabulary. For this reason, the semantic nature of examples of religious terms in the Kazakh language is revealed in the word edification. As a result, the poet's concept of "a full-fledged Muslim and a full-fledged person" proceeded from the role of religious scholars in revealing the place of religion in Islam and their significance in blasphemy. Based on the content, use and semantic essence of the key words of oriental languages, that is, the concept of the original is maximally presented in the Kazakh language. This means that Abay Kunanbayev, who mastered the teachings of the Prophet (peace and blessings of Allah be upon him), and was able to show in his speech that his religious teachings were rich and he was good at explaining Sharia. Because his works contain valuable and important information that is still needed today.

Keywords: Abay Kunanbayuly, words of edification, poet's time, full-fledged muslim, full-fledged person, meaning of the word.

Абай Құнанбайұлының дінге жасаған құнды еңбегінен бөлек, діни білім деңгейінің жоғары екеніне қара сөздерін оқығанда еріксіз көз жеткіземіз. Онда ақын дінді ұқтыру тәсіліне ерекше мән берген. Ол жай қара сөзбен, өмірлік мысалдар арқылы ұсынған. Тіксініп, шарт қою арқылы емес, керісінше, сұрақ қою, ой салу арқылы хикметтерін түсіндіру жолымен, байыппен үйреткен. Отыз сегізінші қара сөзде келтірілген мына бір ұғымды қасиетті Құран Кәрімде берілген мағынаға сәйкес тәпсірлеп тұрғандай көрінеді. Мысалы, Лұқман сүресінің 20-аятында: «Көрдiңдер ме? Рас, Алла тағала сендерге көктердегі, жердегі нәрселерді бой ұсындырды. Және сендерге көрнеу, көмес нығметтерін толықтастырды. Сонда да ешбір білімі, тура жолы не нұрландырушы кітабы болмаған кейбір адамдар, Алла жайында таласады» дегенді ақын ақыл тезіне салып баяндайды. Қараңыз: *«Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жатырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрдi өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар иқрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт*

жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық» [1, 193 б.].

Алла тағала өзі адам баласын ардақты, құрметті етіп жаратты емес пе?! Көбіне өмірдің күйбең тіршілігіне араласып немесе өмірдегі мақсатын айқындай алмай жүргендерге Абай Құнанбайұлының қара сөзі де жоғарыда айтылған ойға орай «Өмір заңдары» секілді.

Өлшеулі өмір кімге болса да артық не кем берілмеген. Бәрінің уақыты бар. Сол өлшеулі уақыт аралығында адам баласына берілген нығметтер де сан алуан екенін көреміз. Яғни айналадағы әрбір жаратылыстың өзіндік хикмет-себебі бар. Дана Абай Құнанбайұлының қара сөздегі ұғымының тағы бір астары Құран Кәрімнің мына аятында ұсынылғандығын аңғарамыз: «Әрі сендерге өзінен сұраған нәрселеріңнің бәрінен берді. Егер Алланың нығметін санасандар, санына жете алмайсыңдар. Расында, адам баласы өте ынсапсыз, аса шүкірсіз» [2, 396 б.]. Сондықтан болса керек адам баласының Жаратушы жаратқан тіршіліктің дерлік барлығы пайдасы үшін жасалып, олардың ешбіріне нұқсан келтірмей, иелік етпей, меншіктенбей тиімді пайдалануды есіне салады.

Алдыңғы ізденістерімізде тілге тиек еткендей жаратқанға деген махаббаттың тәмсілі алғаш Алла тағаланың пенделері арасында айқындалған. Яғни Алла тағала мына әлемді жаратқанда адамға ерекше махаббат танытқаны айтылған. Сондықтан Абай Құнанбайұлы араб тіліндегі терминдерді бұлжытпай «тафаккаруу фиғла-иләһи» деп айтып, жаратушының іс-әрекеттерін есімізге салады. Расында, барлығы адам ұғлының пайдасы үшін жаратылған жан-жануарлардың өзі бір жерде орналасып қалмай, бірі суда, бірі орманда, ал енді бірі жартастарда тіршілік етуге бейімделген.

Осы ретте Абай Құнанбайұлы бізге таң қалатын тағы бір жағдайға назар аударуды ерекше атайды. Ол Алла тағала жануарларды жаратқанда бір-біріне қажеттілік сезімдерімен бірге жаратқан. Яғни адамзатқа азық боларлық жануарлар өздігінен көбейіп, адамдардың азықтарының азаюына деген қорқыныштарын біршама сейілткен. Әрине, мұндай жүйені жасаған жаратқанның хикметтерінде әділдік пен мейір-махаббат қатар көрініс табады. Олай болса осынша нығметті ихсан қылған Алла тағаланың жаратқандарына қиянатшылық жасамау пенденің басты міндеті болмақ. Ал егер жамандық жасауға ниеттенген кісі болса, онда ол өзі мұсылмандықтан ада немесе шала мұсылман сипатында болып жүргені [3, 78 б.].

Ақынның заманына орай адам баласының қол жеткізген жетістіктері сана мен ақылдың жетілу негізі болса, оның жасалмағы да Алла тағаланың қалауы деп түйеді. Мұның да басты себебі адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегені. Бұл қара сөзде былай беріледі: *«Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрика адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе? Адам баласы қанағатсыздықпенен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін ұшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында шафғат, сәхәріменен бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы – адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бәлки, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік»* [1, 194 б.].

Міне, Абай Құнанбайұлы осындай хикметтерге қиянат жасаған адамдарды қиянатшылар деп, ал қиянат жасауға бейім тұрғандарды мұсылман емес немесе шала мұсылман деп санайды: *«Жә, бұл хикметтерінің һәммасын һәм мархамат, һәм гадаләт заһир тұр екен. Біз ортамызда бұл мархамат, гадаләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, оның үшін муслим болғанда, Алла тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі ай мен күннен артық мағұлым тұрған жоқ па? Фигылы құданың ешбірін де қарар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам - я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман»* [1, 195 б.].

Дінім – діңгегім демекші, сол діңгекке талай балта шапқан молдасымақтарды да сынға алады. Ол өз заманында да осы сияқты шалалықтың болғанын ренішпен баяндайды, сондай-ақ өкінішпен оларды барынша гадаләтқа шақырады. Мұндағы ақынның да айтпағы өзгеше. Ақын оларға шүйлікпей, керісінше, төзімділік танытып, жасаған істерінің білместік екенін түсіндіретін Пайғамбарымыз (с.а.у) хадисін келтіреді: «әл-инсан ғәдду ләма жәһилә хисап – адам баласы өзі білмеген есебіне дұшпан».

Абай Құнанбайұлы өмір сүрген кезеңде де дін бағушылардың ептеп болғанын оның жазбаларынан, қара сөздерінен көреміз. Сол

арқылы өзінің ұстанымында дінді жетесіне жеткізіп бергенін аңғарамыз. Ақын дінді білуде тек араб-парсы тілдерін меңгеру жеткіліксіз екенін де саралаған. Яғни тек осы айтылғандармен шектелген молдалардың пайдасы түгіл, қауіпті екеніне де назар аударған. Себебі, халықтың түп-тамырын, салт-дәстүрін білмей құры тіл үйреніп дінді уағыздау надандықтың белгісі деп санаған. Мұны да қара сөз мәтіндерінен кездестіреміз. Сондықтан әрбір сөз яки жағдаяттарға әділдікпенен жақындап мақтан, ғиззатты бойдан таса қылу керек дегенді ұсынған. Қараңыз: *«Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки, бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәһилгә хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді»* [1, 203 б.].

Міне құр мақтанмен көпшілікті адастыру дегенде ақын осыны меңзейді. Мен білемдік пен менікінің арасында қалыптасқан өзгешелік осыдан көрінеді. Ал мұның басы өзгешеліктен өзімшілдікке жетіп, адам баласы ғадаләттен арылады деп біледі: *«Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл, жәһиләләр кібік талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм гибраттансын. Рас, сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құр өзімшілдік һәм әр өзімшілдік – адам баласын бұзатын фиғыл. Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеуге керек»* [1, 203 б.].

Дін үйретуші сипатында болғандардың ақырзаман таяғанда пайғамбар кезеңінен бері едәуір өзгеріске ұшырайтанын сахабалар мен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар арасында болған ақырзаманға қатысты сұхбаттан біле аламыз. Себебі, Абай Құнанбайұлы сол ақырзаманның жақындағанын «бір жылың – бір күн болар» хадисіне сүйеніп, айтып отыр (Тирмизи, Зүхд, 24). Осыған орай ұлы ойшыл өз заманындағы екі медресенің білім жүйесіне тоқталып, жаңа низамның пайдалы болуының амалы екенін жеткізген. Мұның дәлелін сол жерде білім ордаларын бітіріп шыққан білімі таяз молдаларға ишарат жасау арқылы білдіреді. Әрине, білімсіз қай саланың маманы болса да өз саласында көңілден шығатындай ілім үйрете алмайды деп түйеді: *«Мұндай фиғылдардан күпір қауі де бар. Және пайғамбарымыз салаллаһу ғалайһи уәссәлләм «ақыр заманда бір жылдық бір күн*

болар» дегенде сахаба-и кәрәмлар «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен гибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады» [1, 203 б.].

Заманында маңызды саналған оқу орындарының да осы айтылғандай мамандармен толысып, ескі ғұрыпта жалғасса, онда білім алғандар тек қана өмірін сарп қылып, алған білімдері өз саласының маманы болуды емес, өзге мақсатты қарастыруды көздейді. Нәтижесінде алдау мен арбауға жол береді: *«Бұл күндегі тәхсилгулум ескі медреселер гұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушидиялар салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады» [1, 204 б.].*

Абай Құнанбайұлы өз заманындағы *тәхсилгулум ескі медреселер – білім беретін оқу орындары* бұрынғы қалпында қалып қойған деп біледі, яғни олардың заман сұранысы үшін пайдасы жоқ дегенді келтіреді. Сол себепті *мағишат дүние – тіршілік әлемінде* ол алған білімнің пайдасынан зияны дейді [4, 202 б.]. Әрі қарай ишандарды сынға алады: *«Моллалар тұра тұрсын, хусусан бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар – фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шаригатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһіл тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбызғы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ» [1, 205 б.].*

Мұндағы Абай Құнанбайұлының сынға алған ишандары дінді қару етіп, күнкөрісті мақсат еткендер. Ал сауаттарының шалалығы *тәхсилгулум ескі медреселерді*, қала берді оларды да өз дәрежесінде бітірмегендер, *ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шыққандар*, Абайша айтқанда. Міне мұндай сипаттағы ишандар сөзсіз аздырушылар болады. Олардың дін үшін де беретін залалдары жетеді деп біледі.

Шындығында, ишан – парсы сөзі. Ол белгілі бір кісінің өкілі немесе соның атынан әрекет етуші. Сөздің осы ұғымдағы мағынасын негізге алып Н.Оңдасынов «дін басыларының жоғарғы атақтарының бір атауы, олар дегенді білдіреді» деп түсінік береді [5, 37 б.].

Сөз жоқ, алғаш ишан сөзі – ұлы, қаған, шейх, хан, т.б. ел билеушілеріне көрсетілген құрмет, мәртебелі есім мағынасында жұмсалған. Себебі көне замандарда билеушілер өздері қол астындағы аймақтарды басқаруда жергілікті жердің өкілдері не болмаса өздері тағайындаған өкілеттіліктері, атқарушылары болған. Осы өкілдікке ие болғандар өздерін сайлаған ұлық задалардың атымен, яғни сол билеуші кісілердің атынан билік жүргізген. Олар кез келген сәтте солардың атын жамылып, әмірлерін, бұйрықтарын жүзеге асырған. Ең бастысы, аймақтарда осылайша ел басқарғандар өз билеушілерінің берген үлкен құрметтерінің арқасында тіпті олардың есімдерін де атамайтын болған. Міне мұндай билеушілік сол аймақтың билерінің «ишан-ишандар» деп аталуына септігін тигізген [6, 215 б.].

Абай Құнанбайұлы дін қызметкерлерін сынға алғанда сүйгені – ақ, сөйлегені – хақ, дәлелдері айқын, таза болуын басшылыққа алды. Сондықтан тек сырт көріністе *тасбығы менен шалмаларынан басқа ешнәрсесі жоқтарды* адам баласы үшін, дін үшін, тіпті қоғам үшін де қауіпті деп білді.

Содан кейін Алла тағаланың жолын айшықтайды: *«Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысан? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан гадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тағырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?»* [1, 205 б.].

Ақынның тағы бір айтар өсиеті тек сыртқы көріністі әдемілеп, көргендер «бәрекелді» десін деген пиғыл ол адамдардың сезімдерімен ойнау деп қабылдаған. Осыған қатысты Абай Құнанбайұлы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына бір хадисін ұмытпауға шақырған: «Алла сіздердің сыртқы көріністеріңізге және дүниеніңізге қарамайды.

Бірақ Ол сіздердің жүректеріңіз бен жасаған істеріңізге қарайды» (Мүслім, Бирр, 33).

«Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қанишалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер» [1, 206 б.].

Абай Құнанбайұлының ішкі дүниесінде қайтсе осы қазақ деген жұрт нағыз керемет халыққа айналар екен деген сұрақ аясында болғандай ой қалдырады. Себебі, адам баласы мақсаттан ауытқығанда өзін жоғары санап өзін осы дүниеде мәңгі қалатындай сезімге душар етеді. Мұндай түсініктен арылту мақсатында ақын мәңгілік өмір сүретін тек Алла тағала ғана екенін ұқтырады. Тіпті дүниеде тек байлық пен мансапты көздеу ол – Алла тағаланың жолы еместігін ескертеді. Ал егер дүниеңді жүрекке өткізбей басқаға пайда боларлық мақсаттарды көздесең, бұл – Құдайдың жолы дейді [7, 247 б.].

Абай Құнанбайұлы қара сөздеріне ерекше мән берсек қазақ халқын өз кезегінде ғылымға шақырып, құр мақтан және дандайсудан әрі даңғазалықтан аулақ тұруды насихаттайды. Кейде бұл халықты өз баласындай көріп «ей, перзенттерім» деп сөз қолданады. Тіркес сөздің қолданысы тек қана қаратпа сөз мағынасында емес, өз балаларындай жанашырлық танытатын терең ұғымдағы тіркес ретінде келеді.

Әрине, жаратушыны тани білген даналықтың сипатын ақынның Оны шебер әрі ұлы, бол дегенін болғызатын құдірет иесі екендігін паш етеді. Алла тағала күллі әлемді жаратты да, оның ішінде саналы жаратылыс ретінде адам баласын жаратты: *Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өңсін деп жаратқан.*

Дүниедегілерді адамның игілігіне ұсынып қойды. Жаратқан Алланың жаратуында мін бар ма!!! Ол мінсіз. Әлемдегі барлығының бір жүйеде өз қызметтерін жасап жатқанына қарап, адам сол баяғы қызметін ұмытып қалғанба дейсің кейде...

Адамға ата-ана, бауыр керек. Сонан соң сырлас болар алтындай дос қажет. Абай Құнанбайұлы әуелі дос тапқың келсе өзің басқаға адал дос болып баста дейді. Бұл діннің негізіндегі «өзің жасамай өзгеден

оны талап етпе» деген ережесіне дөп түседі. Достығың жарасымды болу үшін өзіңді үнемі мақтаннан аулақ ұста. Яғни өзіңді өзгеден биік көрме. Егер солай жасар болсаң, адамға біткен нұр тая бастайды [8, 134 б.]. Бұл қара сөзде былай беріледі: *«Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды - әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ»* [1, 206 б.].

Дос сөзінің айтылуы оңай болғанымен артылар жүгі ауыр. Себебі шынайы достықта міндет, мақсат, мүдде, т.т. бөлісу деген болмайды. Олай болса, онда оның түбі достыққа жатпайды. Мұнда айтылған жайттар адамгершілік аясында топтасуы қажет. Бірінің кемшілігін бірі толтыратын, кіріптарлығы жоқ, қашанда қолдаушы болуы керек. Ал қазіргі материалдық дүниені алдыңғы қатарға қойып өзара достасып жүргендер арасында дос арасына сызат түсіп жатқандар сол мүдделік аясында достықты танитын жандар болса керек-ті.

Міне ақынның достық айдарындағы айтпағы *«достық мақамын»* сақтап, өзгеге жаманшылық жасамау, адамдықтан аттамау. Мұның сипаты қара сөзде былайша келеді: *«Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі! Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.*

Екіншісі – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі – қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады» [1, 207 б.].

Көргеніміздей кез келген жақындық пен достықтың арасын бұзатын жамандық пен қиянат болса, оның бір көрінісі де мақтан: *«Һәм өзі өзгеше тұтатын демектің түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады»* [1, 207 б.].

Мақтану да қажет болар. Десе де, мақтана білуді мақтаншақтықпен шатастырмау керек. Бұл жөнінде Абай Құнанбайұлы өзінің жиырма бірінші қара сөзінде жақсы айтады: *«Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс.*

Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді - осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек.

... Екінші, мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес. Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді» [1, 156 б.].

Ақын ескерткен тағы бір болымсыз мінез – жаманшылық пиғыл және кеміту. Кісі осындай ойда жүрсе дұшпаны көбейе түседі екен. Сол себепті адам баласын қор қылатын қылықтан аулақ болуды да еске салған: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, гадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдаға мұқтәди болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтәди болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және Құдай тағала әрне жаратты,

бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Балки, бұларсыз тағат тағат та емес» [1, 207 б.].

Алла тағала Құранда адам баласын жаратқан соң бұ дүниені сынақ алаңы қылдық деп бұйырады. Демек, өмір сүріп жатқан әрбір жанның жақсы мінездерін толықтыруына немесе жаман әрекеттер арқылы бұзықтыққа бейімделуі өз қолында. Мұнда Абай Құнанбайұлы адамды екі дүниеде қор қылатын ең үлкен үш мінезді атап өтеді. Бұлар: Надандық, Еріншектік және Залымдық [9, 76 б.]. Надандық бағзы өткен заманда тұтастай дәуірге айтылған «надандық дәуірі». Бұл аталған кезеңде халықтың ғылым-білімге күштарлығы жойылған болатын. Бұған қазақ даналары барынша еңбек етіп, халықтың білімге құмарлануына жағдай жасады. Мұны мақал-мәтелдерден де байқауға болады: «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ».

Ал еріншектік деген болымсыз мінездің антонимі талап болса керек. Өйткені, талаптанбай ерінудің салдарынан даму үдерісі болмайды. Ерінген кісі ешбір істі жасағысы келмей, ғылымға да қызығушылығы сөнген болады.

Залым сөзі – араб тілінен енген сөз. Зұлымдық жасау – Алла тағаланың адамға бұйырған мейір дейтін сипатынан ада болу. Құранда «жақсылықтың қарымтасы тек жақсылық емес пе!?» деп баяндалса, зұлымдық жасағандардың қарымтасы жақсылық болмас әрине...

Зұлымдық сипатын тас жүректік, жаны ашымау деп сипаттауға да болады. Қазіргі кезде ет жақын ағайындардың арасында да осындай бір-біріне жаны ашымау, зұлымдық жасау, қастандық жасау, т.т. еріксіз орын алуда. Міне бұл да сол залым сөзінен туындаған зұлымдықтың көрінісі. Өйткені адам баласының өмірі түкке тұрғысыз болып кеткен сияқты сезіледі.

Аталған жаман қасиеттердің зардабын түсіндіре келе Абай Құнанбайұлы мұның шығар жолын да айтып өткен. Ол алдыңғы өсиеттерінде де адам бойындағы жаман мінездерден құтылу жолын қалай ұсынған болса, енді сол мінездердің кесір-кесапатын баяндап адамдықтан алыстаудың сипатын ашқан.

Бір сөзбен айтқанда, Абай Құнанбайұлы толыққанды адам болуда өзіндік формула қалыптастырған. Ол Алла, Әлем және Адам. Пенде Алла тағаланың шеңберінен алыстаса дүниеге құнығып, жаман іс-әрекеттер мен пиғылдарды көздей бастайды. Ал егер құл Алла тағаланың пендесін махаббатпен жаратқанын түйсініп, сол шеңбер

аясында дүниеде тіршілік қылар болса, әлгі надандық-еріншектік пен залымдыққа барудан ада болады деп түйеді. Араб тілінің терминімен жеткізіп отырған «Халлақына махаббат» сөзінің түпкі мәні де осы. Бұл сөзді екінші бір тіркеспен «Құдаға муқтәди – Алла тағаланың заңдарына сай» деп қуаттап, мейлі ғылым болсын, мейлі жұмыс болсын барлық уақытта ниет пен іс-әрекеттер жаратқанның бұйрығына қарсы келмеуі тиістігін баяндаған [10, 315 б.].

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) бір хадисінде «Жәннаттың кілті намазда, намаздың кілті дәретте» деп риуаят етіледі. Осы хадис ұстанымынан айрылмаған ақын, қара халықтың діни ғибадаттарына көңілі толмай намаз бен дәретке (тазалық) байланысты бірнеше маңызды жайттарды да осы қара сөзде барынша айшықтап ұсынған. Олардың алғашқысы ғибадат түсінігі. Ғибадат тек намазбен шектелмейді. Намаз кісіні түрлі жаманшылықтардан қорғап тұрар болса, сол намаздың жолы дәреттен бастау алмақ.

Міне, Абайдың көңілі толмай тұрған тұсы осы. Тазалық жайында, тіпті намаздың қабыл болуындағы ең нәзік мәселенің бірі де осы дәретті дұрыс алуға тікелей қатысты екені Құран мен пайғамбар хадистерінде жиі кездеседі. Тіптен «Тазалық – иманның жартысы» деген хадис осы сөзімізге бір дәлел бола алады. Құранда Алла тағала тазалық жайлы былай бұйырған: «Расында, Алла тағала тәубе етушілер мен тазаланушыларды ұнатады».

Осы тазалықтың жолдарын иманмен байланыстырып, оны жаратқанның бұйырған бұрығы деп ғибадатқа шақырады. Ал ол мұсылмандық сипаты, егер амалдар толық орындалса мұсылмандық кәміл болады деп білетінін келтіреді: *«Менің хауім бар, олар хас осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды. Ол ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмағын қасд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе?»*

Ей, ишараттан хабарсыздар, қара! Бұл ғибадаттан бір үлкені - намаз, ол намаздан әуелі таһарат алмақ, онан соң намазға шұруғ қылмақ, ол таһараттың алды истинжа еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсіхпенен бітуші еді, бұлар һәммасы болмаса көбі ишарат еді.

Истинжада к...іңізді жуасыз, сіздің к...іңіздің ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа иргендігіңді кәміл ыхласыңды көрсетіп, ішімнің сафлығының соңында халық көрер, сыртымды да

пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде Аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз» [1, 209 б.].

Абай Құнанбайұлы дәрет алар кездегі бастаудың ішкі ағзаны жуумен басталатынын, соңында дәреттегі ниет те ішкі дүниені тазартып, айналаға да ұнамды кейіп танытуды көздеу ләзім дейді. Дұғаның қабыл болу шарты Ислам шарифатында пәк ауызбен жасалу арқылы жүзеге асады. Дәрет алғандағы ниеттің бірі осы болатынын ол өз қара сөзінде орынды ұсына білген.

Әрі қарай намаздың аты, мағынасы, ишараты мен жасалатын амалдардың мазмұнын ашады. Қараңыз:

«Енді намаздың аты – салауат, дұға мағынасында деген.

Аяқта, мойында болған мәсхлар – ол жумақ емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты.

Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз – егер Алла тағаланы жоғарыда деп, мәкән исфат етпесең де, бегірек созу әдепсіз болып, күнә дариясына гарық болдым, яғни дүние әуесіне гарық қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдемдерінің ишараты.

Онан соң қиямда тұрып қол бағламақ – құл қожса алдында тұрмақ, бұқара патша алдында тұрғаннан артық Алланың қадірлігіне өзінің газиздығына ықрарының беріктігін көрсеткен ишараты.

Қыбылаға қарамақ – әрине, Құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты.

Онан соң қира әт, яғни сураһи фатиха оқисың, мұнда бірақ сөз ұзарады. Ол фатиха сүресінің мағыналарында көп сыр бар.

Руқұғ бас ұрмақ – алдында құда хазірге ұқсас, ол да ишарат.

Сәжделер – әуелі жерден жаралғанына ықырары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықырары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықырарының ишараты.

Қағадат ул-ахир – дұғаның ақырында Аллаға тахият, одан тәшәһһуд, одан салауат, пайғамбарымыз саллаллаһу галайһи уәссәлләмге айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен тауысасыз, яғни Алла тағаладан не тілеп дұға қылдыңыз. Ол дұға қазинасы күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз.

Жә, бұл сөзден не гибрәтлендік?» [1, 211 б.].

Ислам фикһында намаздың 12 парызы бар. Олар сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді.

Сыртына жататын парыздар: 1) Хадастан (рухани) тазару;

2) Нәжістен тазару; 3) Өурет жерін жабу; 4) Құбылаға қарау; 5) Уақыт; 6) Ниет.

Ішіне жататын парыздар: 1) Ифтитах тәкбірі; 2) Қиям; 3) Қирағат; 4) Рүкүғ; 5) Сәжде; 6) Қағдаи ахир.

Абай Құнанбайұлы сыртқы парыздарды толығымен жіктеп түсіндірмесе де, тазалықтың маңызды тұстарына тоқталып өтеді. Енді көзі қарақты түсінігі бар мұсылманға намаздың ішкі парыздарын баяндап, намаздағы әрбір әрекеттің түпкі хикметтерін баяндауы оның шариғи сауатының молдығы. Мұның алғашқысы ифтитах тәкбірі. Қолды құлақ тұсына көтергендегі мақсатта біріншісі намазға бастау болса, екіншісі қолдың сыртқы тарапымен дүниені арқа тұсқа тастап, тек Алла тағаламен байланысқа түсу болмақ. Ал қиямда (намазда тік тұру) қол байлап тұру – жаратушының алдында дәрменсіз екенімізді мойындаудың ишараты болып саналады.

Бұлай сәл бүкірейіп тұру қаншама дүниеде мансап берілгендердің алдында тұрғаннан әлдеқайда артық. Құбылаға бет түзеген соң қирағат парыз болмақ. Мұнда Фатиха сүресі оқылып, сонан соң қосымша бір сүре тағы оқылады.

Абай Құнанбайұлының фатихада көп сыр бар деп айтуында үлкен мән жатыр. Фатиха – ашушы, Құранның ашушы сүресі деген мағынаны білдіреді. Бұл сүренің әрбір аяты дұға ретінде қабылданады. Рүкүғ болса намазда иілуге жақын амал болып табылады. Бұл құдды Алла тағаланың алдында құлдық қылып тұрғандай сезімде болуға үгіттейді.

Намаздағы сәжде екі-ақ рет жерге шеке мен мұрынды тигізуден тұрады. Ал бірақ мұның не үшін екі рет және басты жерге тигізу керек екенін көпшілік түсініп жатпайды. Мұның сырын ақын былай ашады: *«Сәжделер – әуелі жерден жаралғанына ықырары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықырары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықырарының ишараты».*

Қағдат ул-ахир – бұл намаздағы соңғы отырыс деп аталады. Онда Аллаға сәлем (тахият) және кәлима шахадат пен пайғамбарға салауат айтумен намазды аяқтайсыз. Мұнан соң екі жаққа сәлем беру арқылы ғибадатыңызды бітіріп, өзіңіз және күллі әлем мұсылмандары үшін дұға-тілек айтасыз [11, 48 б.].

Қазір бүкіл әлем қолданып жүрген қарапайым google.com бағдарламасына «әлемдегі ең керемет адам кім?» деп сұрақ мәтінін терсеңіз, бірінші орында Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар көрінеді. Мұнда да бір хикмет болса керек сірә...

Сол құрметті Пайғамбардың (с.а.у.) ілім мұрасын жетік меңгерген қазақтың біртуар данасы Абай Құнанбайұлы да өз деңгейінде артына құнды ілімді қалдырды деуге толық негіз бар. Өйткені қанша жылдан бері араб елдерінде діни ілімге сусындаған азаматтарымыздың өзі де біле бермейтін құнды мәліметтер Абай Құнанбайұлы қара сөзіндерінде тізбектеліп тұр.

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. II т. –Алматы: Жазушы, 1977.
2. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Сауд Арабиясы, –Медине: Фаһд патшаның баспасы, 1991. – 604 б. «Ибраһим» сүресі, 34.
3. Мырзахметұлы М. Абайтану: оқу құралы. –Алматы: Абай атындағы Қазақ ҰПУ баспасы, 2010. – 152 б.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алма-Ата: «Наука», 1967. – 391 бет. 202-б.
5. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: «Қазақстан», 1974. – 384 б.
6. Мансұров Н.Б. Ишан сөзінің мағыналық сыр-сипаты. Қазақ білім академиясының баяндамалары. Тоқсандық журнал, № 4/2016ж. – 245 б.
7. Сәбден О. Абай және қазақ елінің болашағы. –Алматы: Service Press, 2016. – 362 б.
8. Омаров А.Қ. Бүгінгі Абайтану. Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. –Семей: «Интеллект», 2011. – 262 б.
9. Abay Kunanbayev. Nasihatler «Kara Söзler» (çeviren: Zafer Kibar). – İstanbul. Türk Dünyası Vakfi. 2014. – 152 s.
10. Әуезов оқулары - XV: халықар. ғыл.-тәж.-к конф. матер. – Алматы, 2018. – 354 б.
11. Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы (Ханафи мазхабы бойынша). – Алматы: Дәуір, 2010. – 520 б.

References

1. Abay Qunanbaev. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq jınaǵy. II tom. –Almaty: Jazyshy, 1977.
2. Quran Kárim qazaqsha maǵyna jáne túsinigi. Saýd Arabıasy, –Medıne: Fahd patshanyń baspasy, 1991. – 604 b. «Ibrahim» súresi, 34.
3. Mekemtas Myrzahmetuly. Abaitany: oqy quraly. – Almaty: Abai atyndaǵy Qazaq UPÝ baspasy, 2010. – 152 b.
4. Áyезov M. Abai Qunanbaev. – Alma-Ata: «Naýka», 1967. – 391 bet. 202-b.
5. Ońdasynov N. Parsyssha-qazaqsha túsindirme sózdik. – Almaty: «Qazaqstan», 1974. – 384 bet.
6. Mansurov N.B. Ishan sóziniń maǵynalyq syr-sıpaty. Qazaq bilim akademıasynyń baıandamalary. Toqsandyq jýrnal, № 4/2016j. – 245 b.
7. Orazaly Sábden. Abai jáne qazaq eliniń bolashaǵy. – Almaty: Service Press, 2016. – 362 b.
8. Omarov A.Q. Búgingi Abaitany. Ǵylymy-zertteý maqalalar jınaǵy. – Semei: «Intellekt», 2011. – 262 b.
9. Abay Kunanbayev. Nasihatler «Kara Söзler» (çeviren: Zafer Kibar). – İstanbul. Türk Dünyası Vakfi. 2014. – 152 s.

10. Áyezov oqýlary - XV: halyq. ğyl.-táj. konf. mater-y. – Almaty, 2018. – 354 b.
11. Isaulý M., Joldybauly Q. Islam ğylymhaly (Hanafi mázhaby boıynsha). – Almaty: Dáýir, 2010. – 520 b.

Özet

Makale Kazak şair Abai Kunanbayev'in otuz sekizinci kelimesini inceliyor ve anlamsal bir yorum getiriyor. Analiz sırasında, tam teşekküllü bir Müslüman ve tam teşekküllü bir kişi kavramı farklılaştırılır. Birden fazla anlamı birkaç kelimeyle yorumlama yöntemine dayanan bu bölüm, Yaradan'ın bilgisi aracılığıyla hakikat arayışının insan doğasının karakteristik bir özelliği olduğunu söylüyor. Ayrıca bu tür fikirlerin girişinde kullanılan kelimelerin ve cümlelerin anlamını da açıklar. Bu, şairin doğu dili hakkındaki bilgisini gösterir ve kelime dağarcığını gösterir. Bu nedenle Kazak dilindeki dinî terim örneklerinin anlamsal niteliği terbiye kelimesinde ortaya çıkar. Sonuç olarak, şairin "tam teşekküllü bir Müslüman ve tam teşekküllü bir kişi" kavramı, din bilgilerinin dinin İslam'daki yerini ve küfürdeki önemini ortaya koyma rolünden yola çıktı. Oryantal dillerin anahtar kelimelerinin içeriğine, kullanımına ve anlamsal özüne dayanarak Kazak dilinde azami düzeyde sunulmaktadır. Bu, Peygamberimizin öğretilerine hakim olan Abay Kunanbayev'in, dinî öğretilerinin zengin olduğunu ve şeriati açıklamada yetkinliğini konuşmasında gösterebildiği anlamına gelir. Çünkü eserleri bugün hâlâ ihtiyaç duyulan değerli ve önemli bilgileri içermektedir.

Anahtar kelimeler: Abay Kunanbayoglu, kara söz, şairin zamanı, kamil müslüman, kamil insan, kelimenin anlamı.

(N.B. Mansurov, B.N. Temirkhanov. Abai Kunanbayoglu kamil müslüman, kamil insan)

Аннотация

В статье анализируется тридцать восьмое слово назидание казахского поэта Абая Кунанбаева и дается смысловая интерпретация. В ходе анализа дифференцируется понятие полноценного мусульманина и полноценного человека, выраженное в слове назидание и на основе этого рассматриваются способы познания Творца. В этой главе, основанной на методе интерпретации множественных значений в нескольких словах, говорится, что поиск истины через знание Создателя является характерной чертой человеческой природы. А также разъясняется значение слов и фраз, используемых во введении таких идей. Это показывает знание поэтом восточного языка и демонстрирует его словарный запас. По этой причине семантический характер примеров религиозных терминов в казахском языке раскрывается в слове назидание. В результате концепция поэта «полноценный мусульманин и полноценный человек» исходила из роли религиоведов в раскрытии места религии в исламе и их значения в богоульстве. Исходя из содержания, использование смысловой сущности ключевых слов восточных языков, то есть концепция оригинала, максимально представлена на казахском языке. Это обозначает, что Абай Кунанбаев, который овладел учением Пророка (да благословит его Аллах и приветствует), смог показать в своей речи, что его религиозные учения были богаты, и он был хорош в объяснении шариата. Потому что его труды содержат ценную и важную информацию, которая нужна и сегодня.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, слова назидания, время поэта, полноценный мусульманин, полноценный человек, значение слова.

(Н.Б. Мансуров, Б.Н. Темирханов. Абай Кунанбаев – полноценный мусульманин-полноценный человек)